

ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАР

Қўтғымуратова Ырысты Абдирахмановна

ф.ғ.ғ.д. (PhD), доцент,

Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, Нөкіс

Кушкарбекова Маржан Үсеновна

Науайы мемлекеттік педагогикалық институты, Науайы

Аңдатпа. Бұл мақала Қарақалпақстандағы ономастикалық атаулардың зерттелуіне арналған. Мақалада Қарақалпақстан Республикасының кең алқабындағы өте көп тарихи орындар мен атаулар жайлы мағлұматтар берілген. Топонимдер туралы ең алдымен журналистер, тарихшылар, жазушылар, этнографтар, географтар айналысқан. Қарақалпақстанда кездесетін кейбір ономастикалық атауларды ғана есепке алмағанда, әлі толық зерттелмеген сала болып табылады. Бірақ кейбір тарихи деректерге сүйене отырып, бұл территория топономикалық атаулар мен ауызекі деректерге бай екенінің куәсі болды.

Тірек сөздер: ономастика, топонимдар, Қарақалпақстан Республикасы, зерттеулер, тарихи мағлұматтар.

Аннотация. Данная статья посвящена изучению ономастических имен в Каракалпакстане. В статье приведены сведения о многих исторических местах и именах на просторах долины Республики Каракалпакстан. В первую очередь топонимами занимались журналисты, историки, писатели, этнографы, географы. За исключением некоторых ономастических названий, встречающихся в Каракалпакстане, оно до сих пор не исследовано. Но на основании некоторых исторических данных мы убедились, что эта территория богата топонимами и устными сведениями.

Ключевые слова: ономастика, топонимы, Республика Каракалпакстан, исследования, исторические данные.

Географиялық атаулардың мәнісін білу, оларға талдау жасау адамзат тарихының алғашқы этаптарында-ақ басталған. Ең бірінші географиялық атауларға талдау жасау, анатикалық атауларға талдау дәуірдің тарихшылары және географиялық еңбектерінде жасалған.

Ал, Орта Азия соның ішінде Қарақалпақстан территориясы адамзат қоғамының ең алғашқы дамыған орайының бірі болып, бұл өлке көптеген топономикалық деректерге ие. Қарақалпақстан Қызылқұм шөлінің солтүстік батысында, Үстірт платасының түстік шығысын иелеген. Арал теңізінің түстік бөлімі де Қарақалпақстан территориясына қарайды. Бұл республика Өзбекстанның солтүстік батысында жайласқан. Қарақалпақстанның жер көлемі 16,5 мың км болып, Өзбекстанның 37% құрайды. Бұл кең

территория жоғарыда айтып өткендей топонимикалық деректерге ие және бұл географиялық атаулардың келіп шығу этимологиясы жөнінде алғашқы деректер Орта Азияның бірінші ғалымдарының бірі Әбу-Райхан Берунидің ғылыми еңбектерінен кездеседі.

Бұдан басқа да Орта Азия соның ішінде Қарақалпақстан топонимикасы туралы алғашқы деректерді берген ғалымдар көптеп саналып, олардың қатарына Махмуд Қашқари (XI ғ) (Қашғорий, 1967), Захриддин Бабыр (XIIғ) (Бабыр, 1993) және XIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген белгілі Хорезм тарихшысы Абылғазы хан ж.т.б. айтуымызға болады. Бұлардың біздің өлкеміз туралы ондағы географиялық атауларға арналған еңбектері өзінің мән- мазмұны бойынша үлкен маңызға ие. Бұлардың ішінде Бабырдың “Бабырнама”, Махмуд Қашқаридің “Дивани луғат ат түрік” т.б. еңбектері қазіргі өлкеміз территориясының топонимикасын зерттеуге негізгі бастау көзі қызметін атқарады [7, 8].

Сондай-ақ, Қарақалпақстандағы географиялық атаулар туралы деректерді 1848 жылы капитан Бутаков басқарған экспедиция жұмыстарының жасаған картасы және еңбектерінен де кездестіруге болады. Мысалы: Бұнда Арал теңізіндегі 300-ге жақын кішкене аралдардың атамасы берілген. Будаковтан кейін Арал теңізін зерттеген Л.С.Берг болды. Оның Арал теңізі атты монографиялық еңбегі болып есептеледі. Бұл еңбегінде Л.С.Берг Арал атамасының қалай пайда болғандығы туралы Абылғазының пікірін келтіріп кетеді. Бұдан басқа Кульбористың “Әмударияның төменгі бойы” деген кітабында да Қарақалпақстанның жер-су атамаларының көптеген тарихи деректерін кездестіруімізге болады. Орта Азияда көп саяхат еткен тарихшы Вамбери еңбектерінде де Қарақалпақ топонимикасы туралы бірқанша деректер бар. Ол Қыпшақ, Хожелі тағы басқа атамаларға талдау жасаған.

Қарақалпақстан топономикасы туралы көптеген жаңа ғылыми мәліметтер Кеңес дәуірі тұсында өркендей бастады. Сондай-ақ

Қарақалпақстан топонимикасы мен жүйелі түрде айналысқан ғалым Қарақалпақстандағы топонимист – Қалендер Әбдімұратов болып есептеледі. Ол осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, жалпы 600-ге жақын топонимдері бойынша еңбектерге де тоқталған. В.В.Бартольдтың, Л.В.Ушаниннің, С.П.Толстов, Я.Т.Гулямовтың, Т.А.Жданковтың, П.Ивановтың, В.М.Ягодиннің, М.В.Совецкийдің, И.А.Ипилонның, Э.М.Мирзиевтың, Х.Хасановтың және басқа да көптеген авторлардың шығармаларында Қарақалпақстан топонимикасына арналған біраз пікірлер айтылып кетеді. Бұлардың ішінде айрықша В.В.Бартольдтың “Түрік-монғол халықтарының тарихы” (Бартольд, 1963) [9], “Түркістанның азару тарихынан”, С.П.Толстовтың “Алғашқы Хорезм” (Толстов, 1948) және тағы басқа ғалымдар еңбектері назар аудартады [10]. Сондай-ақ, топонимдерді зерттеудің міндеті және маңызы, топонимиканың теориялық мәселелері бойынша С.Б.Велесовский, В.А.Дулзан, Э.М.Мирзаев, А.К.Матаев, В.А.Никанов, И.А.Папов, Б.А.Серебрянников, А.В.Супернастың т.б.пікірлері бар.

Енді Қарақалпақстан аймағындағы топонимдерге мысал келтіретін болсақ, онда гидронимдер, оронимдер, урбонимдер, ойконимдер, этнонимдер, микротопонимдер және жергілікті говорлық атаулар да өте көп кездеседі.

Гидронимдер - грекше гидро-су, онома-атау сөздері сай, дария, жылға, тармақ, бұлақ, құдық, теңіз, көл, қолтық, бұғаз, сарқырамаға қойылатын атамалар жатады. Мысалы: Ұзынсай көлі, Сарыкөл, Ханжап, Набат көл, Тоқалжап, Өлі дария, Қаракөл, Сарыжап, Теренсай, Бегжап, Қәтеп, Қайрақты көл, Тува көл, Жаңа жап, Кеңес жап, Қызыл өзек, Балтабек жыра, Аққамсыр, Сарқорай, Шахаман, Қоңкөл, Көкшелі көл, Доңыз кеткен көл, Шаңарық, Ақ жап, Торлыжап, Кеңесжол, Айкеткен, Алтынжап, Ақ туба, Қара жап, Құмөзек. Көксу, Балжап, Мыңжар, Құлсоғы, Маржанкөл, Бірқұлақ, Бозсу, Жамансай, Сұлтанөзек, Майлыкөл, Ащы көл т.б. [4]

Оронимдер грекше орос-тау, онома-атау деген сөздерінен келіп шыққан жер бетінің рельеф формаларынан таулар, шындар, кырлар, кеңістіктер, жыралар жатады. Мысалы: Қызылжар [5],

Қарабауыр, Ақбетекей, Бестөбе, Қостөбе, Қырантау, Белтау, Құсқана тау, Жұмыртау, Айбүйір, Сұлтан Уайс тауы, Өске тау ойпаттығы, Барсакелмес ойпаттығы, Құлатау, Қызылшың, Қарашоқы, Қасқатау, Қынай т.б.

Урбонимдер: Урбос-қала; онома-атау немесе қала атаулары дегенді білдіреді. Оларға Нөкіс, Шымбай, Кегейлі, Бозатау, Қараөзек, Гүлдірсін, Қойқырылған қала, Топырақ қала, Гәуір қала т.б.осы сияқты атауларды кіргізуімізге болады.

Ойконимдер: ойкос-мекен, оном-атау немесе мекенді елдер дегенді білдіреді. Бұған Республикамызда жасайтын кішігірім ауыл-аймақтарды айтуымызға болады. Мысалы: Толдық, Үшқайт, Үшөзек, Саранша, Қазақ ауыл, Тас бөгет, Әдебиет ауыл, Құлтөбе, Таңнұры, Қырық қожалық, Білімту, Балықшы ауыл, Шеруші, Қожақайыр, Құлан, Құмбызауыл, Үйшік, Күтқала, Шатырауық, Жерсуші, Бақытты, Тойлақ, Боздық ауыл, Құрама, Қысқалы, Ойтан, Аризан, Ешкілі, Естек ауыл, Халхабад, Жаман ауыл, Бай ауыл, Бостау, Мәдениет, Бесүй, Қорабұғы, Үркелді, Қырық тесік, Кендір қала, Қарамыс тұлға, Кендірлі, Қараөзек, Шотауыл, Ақтан, Ерман ауыл, Құсары, Кесік қоңыр, Қәлендерхана, Құлыншак, Ишан отау, Қызылжар, Тортаулы, Қозыханашығыр ауыл, Тұман қала, Естұрық, Ала атты, Көне келтемұнар, Шарахан, Түркменауыл, Ақбасты, Міскен, Жұмыстор ауыл т.б.

Этнонимдер- этнос- халық; онома- атау дегенді білдіреді. Ондай атауларға ру тайпа атауларына байланысты қойылған атамаларды айтуымызға болады. Мысалы: Мірітен ауыл, Қоңырат, Қыпшак, Маңғыт, Найман ауыл, Өгіз ауыл, Сағыр ауыл, Естек ауыл, Айран, Баймақты, Бессары, Қарамойын, Хожа ауыл, Айтеке, Ақмаңғыт, Ұйғыр, Теріс тамғалы, Ашамайлы, Қанжығалы, Қарабура, Әлім ауыл, Адай ауыл т.б.

Микротопонимдер - грекше микро-кіші; топос-жер, ономо-атау немесе кішкене объектті бұлақтар, құдықтар, далалар, кішкене төбелер, көшелер және тағы басқалар упочищелердің атауы. Оларға Атжарған, Моншақты, Сексеуіл сай, Киік сай, Құндыз көл, Жетімсегір, Шашак, Жамансай, Талдық тоғай, Бадантоғай, Қарақұдық, Ащықұдық, Аққұдық, Құмбасқан, Ітқұр, Құтлы, Түйнектақыр, Қызылшер т.б.осы сияқты атауларды кіргізуге болады.

Жергілікті говорлық атаулар.

Бұлар тек белгілі бір территорияға тән атаулар болып есептеледі. Мысалы: Демек, Арма, Жарма ауыл, Канал сай, Айдын, Жалаңаш Қаратау, Қарақұм, Қызылқұм, Үстірт шар, Лай қала т.б.

Сонымен бірге Қарақалпақ классик ақындары шығармашылығында бірқатар топонимдер кездеседі. XIX-ғасырдағы қарақалпақ әдебиетінің тарихында үлкен орын алатын қарақалпақ халқының арасында кең түрде мәлім ең сүйікті ақындары бар. Олардың бірі - Әжінияз Қосыбайұлы. Ол 1824жылы Арал теңізінің оңтүстік жағалауында Әмударияның құяр жерінде туылған. Әжінияз оқыған, білімді адам болған. Оның шығармалары да ауызекі шығарылмай хатқа түскен, ал жазба түрде шығарылғаны көшіріліп отырған. Ол өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларды көзбен көріп, еңбекші халықтың ауыр қайғылы жағдайын көзбен көріп, басынан өткізген. Бұл жағдайлар ақын шығармашылығында жоғары дәрежеде сәулеленіп отырады. Мысалы “Бозатау”, “Елдерім барды”. Бағдад қаласы -қалашаның көлемі 200-400м болған тік бұрышты еске салады. Бұл қаланың орнына адамдардың келіп қоныстануы XII-VIII ғасырға тура келеді. Хорезм шахтары империясымен байланысты болған болуы керек [1].

Х.Есбергенов Бағдад қаласы жөнінде “Бағдад қаласы” қарақалпақ тарихына тиісті естелік атты еңбегінде X ғасырда жасаған Хорезмдер династиясының соңғы өкілі Әбу Абдуллахтың дәуірінен бастап бір болуы мүмкін деп болжайды. Сонымен бірге XIV-ғасырға тиісті Арий мен

Хоразмий шахтың Вокругтық документи туралы айтып өтеді. Бұл документте Міздахханнан Бағдадқа дейінгі орталық Хаддади шайхқа тиісті болған.

Солтүстік Қарақалпақстан топониміне тиісті Тахтакөпір ауданы бар. Бұрын ол аймақта үш болыстық болған. Олар: Дәуқара болыстығы, Көк өзен болыстығы, Есімөзек болыстығы. 1928 жылы осы болыстықтар тарқатылып, Тахтакөпір ауданы құрылған. Құрамында он бір ауылдық кеңес болған. Қазіргі Тахтакөпір аймағынан ағып өтетін Қуаныш жарма каналы болады. Адамдар базарға баруы үшін осы жерде жасаушы Қалымбет бай осы каналға ағаштан көпір салдырады. Соң сол жірдегі базар Тахтакөпір базары болып, соң Тахтакөпір ауылы атанып кеткен [2].

Қорғанша қаласы - Тахтакөпір ауданының аймағында 18 км қашықтықта шығыста жайласқан. Географиялық орналасуы қала айналасы шығысынан, солтүстіктен және батыстан құммен, түстік жағы егістік жерлермен қоршалған 750-1000 метр солтүстікте “Қаракөл”деп аталатын дарияның ескі аңғары бар. Түстік жағында Қаракөлге паралель болған Қарғабай деп аталатын ескі дарияның орны бар. Қорғанша қаласын халық Қобыланды қала депте атайды. Қаланы Қобыланды атымен байланыстыру себебі қаланың ортасында мұсылман қойымшылығы және биіктігі 2 метр төбешік бар. Осы бір төбешікті адамдар Қобыландының қабірі деп есептейді [3].

Бес төбе ауылы. Бұл Нөкіс қаласына 20-30 шақырым жерде орналасқан елді мекен. Ол жерде 300-400 хожалыққа жуық тұрғындар тұрады. Жергілікті, отырықшы халықтың жасы үлкендерінің айтуынша бұл маңда дөңгелене орналасқан бес биік құм төбешік жайласқан. Бұлардың бірінде қазақтың ұлы батыры Ер Қосай атаның қорымы жайласқан [6].

Қарақалпақстанда бұрынғы жазба деректер болмаған. Аталған екі классик ақындар (шайырлар) ғана өз шығармасын жазба түрде қалдырған.

Олардың әсіресе Әжінияздың көптеген өлеңдері өзінің қолжазба нұсқасында табылып жатыр.

Ал, Бердақ шығармалары ауылдық жердің қатты құлақ қарияларынан жазып алынған. Қарақалпақстан топонимдерін зерттегенде осы ақындардың еңбектерін пайдалану керек деген ұсынысым бар. Оның негізгі себебі дәуірмен салыстыра отырып, бір шешімге келу. Ендігі бір ұсынысымыз: Қарақалпақстан ескі қалаларға қарағанда ежелгі қойымшылықтарға бай екен. Сондықтан олардың атауларында көптеген факттер сақталған болуы мүмкін. Олардың аттарын да қағазға түсіріп, зерттеу топонимика ғылымы үшін артық болмайды.

Қорыта айтқанда, жергілікті атаулар өлкеміздің ой-қырын, байлығын білуімізге, ұлттық санамыздың өсуіне, өздігімізді, өз тарихымызды, халқымыздың белгілі перзенттерін тануымызға үлкен қызмет атқарады. Өйткені, географиялық атамалар (өлі сөздер) емес, олардың негізінде халықтың тұрмысы, тарихы, тілі және сол сияқты басқа да көптеген сырларды өз ішінде сақтап жатқан қазына болып есептеледі.

Солай етіп, Қарақалпақ аймағындағы топонимдерінің әр қилы құрамды екенін және де тереңірек зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі болып есептеледі. Және бұл тек қарақалпақ тіл білімі үшін емес, сонымен бірге қазақ тілбілімі, түркі тілдері үшін де құнды материалдар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Kuttimuratova I., Mambetkerimov G. Onomastic term of kungrat district of Karakalpakstan //Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2021. – №. 74-2. – С. 43-45.
2. Kuttimuratova I. Kazakh dialect in Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan //Boshqaruv va etika qoidalari onlayn ilmiy jurnali. – 2023. – Т. 3. – №. 2. – С. 368-373.
3. Бекниязов Б. К. Концепт «кость» в языке казахов Каракалпакстана // Наука в современном мире. – 2021. – С. 346-350.

4. Shinnazarova S. J., Mambetova G. J. Paronymia in the karakalpak language //Theoretical & Applied Science. – 2020. – №. 3. – С. 67-70.
5. Kuttimuratova I. Professionalisms connected with fishing in the language of the kazakh people in Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan //Scientific progress. – 2022. – Т. 3. – №. 10. – С. 72-85.
6. Махмуд Қашғорий. Девону луғат-ит-турк. (Индекс луғат). – Ташкент: Фан, 1967. – Б. 314.
7. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек, 1993. – 448-б.
8. Бартольд В.В. Сочинения. Т.1. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. – М., 1963.
9. Толстов С.П. Древний Хорезм. Опыт историко-археологического исследования. – М.: изд. МГУ, 1948. – 439 с.

